

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Күші жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 83 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 12 қаңтарда № 4401 болып тіркелді. Күші жойылды - Шымкент қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 18 наурыздағы № 171 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шымкент қаласы әкімдігінің 18.03.2021 № 171 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңның 31 бабының 2 тармағына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңның 27 бабына сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1, 2 – қосымшаларына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. Шымкент қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 18 мамырдағы № 813 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3751 тіркелген, 2016 жылы 03 маусымдағы № 44 "Шымкент келбеті" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау білім бөлімінің басшысы Ж.Тажиеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Н.Сауранбаев

Шымкент қаласы
әкімдігінің 2017 жылғы
29 желтоқсандағы № 83
қаулысына 1-қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

| № | Мектепке дейінгі мекемелердегі орын саны | Оның ішінде | |
|---|--|-------------------------------|----------------------------|
| | | республикалық бюджет есебінен | жергілікті бюджет есебінен |
| 1 | 53213 | 36491 | 16722 |

Шымкент қаласы
әкімдігінің 2017 жылғы
29 желтоқсандағы № 83
қаулысына 2-қосымша

Ата-ананың ақы төлеу мөлшері

| Барлығы | Күніне бір баланың шығыны, 3 жасқа дейін теңге (көп емес) | Күніне бір баланың шығыны, 3 жастан 7 жасқа дейін теңге (көп емес) |
|---------|---|--|
| | 436,75 | 527,94 |

Ескертпе: 1 күніне бір балаға жас ерекшелігіне қарай кететін шығын. Нақты жұмыс күніне есептелген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК